



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

**САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУ КОМИССИЯСЫ
ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық
өнер университеті» РММ



ҚАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ

2 нұсқасы:
29.10.2021


**САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1 бет

МАЗМҰНЫ

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Жалпы ережелер | 2 |
| 2 | Комиссияның міндеттері мен қызметтері | 4 |
| 3 | Комиссияның құрамы және жұмыс регламенті | 5 |
| 4 | Комиссия мүшелерінің құқықтары мен міндеттері | 7 |
| 5 | Қорытынды ережелер | |



| | | |
|--|--|--------------------------|
|  ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ | 2 нұсқасы: 29.10.2021 |
| | САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 2 бет |

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Университет) сапаны қамтамасыз ету комиссиясының негізгі міндеттерін, қызметтерін, құрылу тәртібін және өкілеттігін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;

1.3 Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) – факультеттің/кафедраның алқалы органы, ол Университетте білім беру қызметін көрсету сапасына бақылауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ, Комиссияның құзіретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстарды әзірлейді.

1.4 Комиссияның қызметін ұйымдастыру Университеттің әрбір факультетінде және «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және Арт-менеджмент» кафедрасында іске асырылады.


1.5 Комиссияның қызметіне бақылауды академиялық сапа бойынша Кеңес іске асырады

1.6. Комиссияның қызметін ұйымдастыруда Сапа менеджменті жүйесі және стратегиялық жоспарлау бөлімі (бұдан әрі - Бөлім) көмек көрсетеді.

2 КОМИССИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ

2.1 Комиссия жауапты:

- Факультетте сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты іске асыруға;
- Факультеттің құрылымдық бөлімшелерінде сапа саласындағы мақсаттарды анықтауға;
- Сапа саласындағы мақсаттарға сәйкес факультетте сапаны қамтамасыз ету бойынша бағдарламаларды әзірлеуге;
- Сапаны қамтамасыз ету бойынша бағдарламаларға мониторинг өткізуге және оларды бағалауға;

| | | |
|--|--|--------------------------|
|  ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ | 2 нұсқасы: 29.10.2021 |
| | САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 3 бет |

2.2 Комиссияның міндеттері:

- Білім беру процесінің қатысушылары ретінде білім алушылардың қажеттіліктерін кешенді бағалау;
- Білім беру қызметінің сапасына мониторинг;
- Университетте білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін құру бойынша іс-шаралар кешенін жоспарлау және іске асыру.

2.3 Комиссияның қызметіне кіреді:

- Білім беру бағдарламаларының мазмұнына және іске асырылу шарттарына мониторинг;
- Университетте бағалау саясатының іске асырылуына мониторинг;
- Жоғары оқу орнының ішіндегі сапаны қамтамасыз ету жүйесі шеңберінде жоспарланған іс-шаралардың орындалуына мониторинг;
- Оқытушылардың, білім алушылардың және түлектердің біліктілігін бағалау тәсілдері мен өлшемшарттарын ұсыну;
- Білім беру бағдарламалары және/немесе оқылатын пәндер сапасының сәйкестігін, академиялық адалдықтың бұзылу фактілері болуын анықтау үшін Университет білім алушыларының, түлектерінің және жұмыс берушілердің сауалнамаларының мазмұнына өзгерістер енгізуді ұсыну;
- Білім беру бағдарламалары және/немесе оқылатын пәндер сапасының сәйкестігіне Университет білім алушыларының, түлектерінің және жұмыс берушілердің арасында сауалнама өткізуді ұйымдастыру;
- Білім алушылардың арасында академиялық адалдықтың бұзылу фактілері болуына сауалнама өткізуді ұйымдастыру;

3 КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫС РЕГЛАМЕНТІ

3.1 Комиссиялар Университеттің оқытушылары мен әр түрлі деңгейдегі (студент/магистрант/докторант) білім алушылардың өкілдерінен құрылады.

3.2 Комиссия 5-7 мүшеден тұрады.


3.3 Комиссияның құрамы Университет ректорының бұйрығымен бір жыл мерзімге бекітіледі.

3.4 Комиссияның Төрағасы – декан / кафедра меңгерушісі болады. Хатшы комиссия мүшелерінің қатарынан сайланады.

3.5 Комиссия жұмысын әрбір оқу жылына құрылатын және бекітілетін жоспарға сәйкес іске асырады.

3.6 Комиссияның жиналыстары екі айда бір рет өткізіледі. Комиссияның жиналыстары хаттамамен рәсімделеді.

3.7 Комиссияның шешім қабылдауы кворум қамтамасыз етілген (Комиссия мүшелерінің кемінде, жартысы) жағдайда көпшіліктің дауыс беруі арқылы

| | | |
|--|--|--------------------------|
|  ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ | 2 нұсқасы: 29.10.2021 |
| | САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 4 бет |

қабылданады. Дауыстар саны тең түскен жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші саналады.

3.8. Комиссияның барлық ұсыныстары мен шешімдері Комиссия жиналысының хаттамасына енгізіледі. Жиналыс хаттамасы Комиссия хатшысымен рәсімделеді.

3.9 Хаттамаларға Комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қояды.

3.10 Комиссияның жиналысына Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, сондай-ақ, Бөлімінің қызметкерлері және жұмыс берушілер шақырылуы мүмкін.

4 КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1 Комиссия мүшелері құқықты:


- Факультетте/ кафедрада білім беру сапасына білім алушылардың қанағаттанушылығына мониторингті іске асыруға;
- білім сапасына қатысты ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысуға;
- Комиссияның жиналыстарына қатысуға, Комиссияның құзіретіне кіретін ұсыныстарды қарастыруға шығаруға;
- Барлық қарастырылатын мәселелерді талқылауға қатысуға;
- Комиссияның қызметі үшін қажетті ақпаратты алу үшін Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының көмегіне жүгінуге.

4.2 Комиссия мүшелерінің міндеттері:

- Осы Ережені қадағалау және осы Ережемен қарастырылған шеңберде қабылданған Комиссияның шешімдерін сапалы орындауға;
- Өзінің қызметінде Комиссияның шешімдерін басшылыққа ала отырып, өзіне алған міндеттерді орындауға;
- Комиссияның жұмысында белсенді қатысуға, Комиссияның жиналысына шығарылатын материалдарды уақытылы және сапалы қарастыруға, белгіленген мерзімде жазбаша ұсыныстарды беруге;
- Комиссияның кезекті жиналысына қатыса алмайтындығы немесе тапсырманы белгіленген мерзімде орындай алмайтындығы туралы Комиссияның Төрағасына, хатшыға уақытылы хабарлауға;
- Білім сапасына қатысты мәселелер бойынша Университеттің мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен өзара әрекеттестік жұмыс жасауға.

4.3 Комиссия хатшысының міндеттері:

- Комиссия қызметіне байланысты құжаттаманы жүргізуге;
- Комиссия мүшелеріне жиналыстың күн тәртібін жіберуге;

| | | |
|--|--|--------------------------|
|  ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ | ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ | 2 нұсқасы: 29.10.2021 |
| | САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 5 бет |

- Комиссияның жиналысын өткізу үшін қажетті техникалық құрал-жабдықты, аудиторияны ұйымдастыруға;
- Комиссияның жиналысының хаттамасын рәсімдеуге, оған талқылау және дауыс беру нәтижелерін енгізуге;
- Комиссия қызметіне байланысты құжаттаманы сақтауға.

4.4 Комиссия мүшелерінің құрамынан шығару келесі жағдайларда орын алуы мүмкін:

- Комиссия мүшесінің осы Ережені өрескел бұзған әрекет жасауында;
- Комиссияның шешімдерін орындамауда;
- Комиссияның құрамынан шығу жөніндегі өзінің шешімі туралы жазбаша хабарлама болуында;
- Университеттегі жұмыстан шығу, шығарылу кезінде немесе Комиссияның жойылуында.

4.5 Құрамнан шығару туралы шешім Комиссияның жиналысының хаттамасында белгіленеді және Университет ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

5.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.

